«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

Петропавл қаласы **2026 жыл «02» маусым**

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы № 802 Жарлығының негізінде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағының Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Негізі - кәсіпорын директорының 2026 жылғы 16 сәуірдегі № 235 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі - 2025 жылғы 01 мамырдан 2026 жылғы 25 мамырғадейін.

Кәсіпорын директоры - Сабыржан Әбдірахманұлы Таукелов, аталған лауазымға 2011 жылғы 10 қаңтарда тағайындалған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Кәсіпорын қызметіне қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

- персоналды басқару, оның ішінде тәртіптік практика және тәртіптік жазаларды алып тастау;
- қызметкерлердің дербес деректерін сақтау тәртібі;
- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік сатып алу;
- донорларға анықтамалар беру,
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы Кәсіпорын өз қызметінде басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық актілер мен құқықтық актілерді зерделеді.

Кәсіпорынның ock.sko.kz ресми сайтында қызметкерлердің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының өзектендірілген стандарты, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібі, Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат, Корпоративтік әдеп пен мінез-құлық кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық, Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты өзектендіріліп орналастырылған.Аталған құжаттар қоғамдық қатынастардың тиісті саласында еңбек ететін тұлғалардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік атмосферасына қол жеткізуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтауға және олардың теріс салдарының алдын алуға бағытталған.

Бірінші бағыт бойынша салалық заңнамаға талдау жүргізілді: Кәсіпорын денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады және қан қызметі мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарына әдістемелік, консультациялық және практикалық көмек көрсетеді.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (бұдан әрі - Денсаулық туралы кодекс), Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығын, Кәсіпорын Жарғысын, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Кәсіпорын заңгері Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшелері өз жұмысында басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілерді тұрақты негізде өзектендіріп отырады.

Нормативтік құқықтық актілерді жұмыста уақтылы және тиісінше қолдану мақсатында жаңадан шығарылған, өзгертілген және күші жойылған актілер туралы ақпарат Кәсіпорынның мүдделі қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Салалық заңнаманы талдау құқық қолдану нормалары сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға жағдай жасамайтынын көрсетті. Басқару шешімдерін әзірлеу және қабылдау процесі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғамайды.

Осылайша, Кәсіпорынның негізгі қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдер мен әкімшілік кедергілер туғызатын дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік туғызатын құқықтық олқылықтар анықталған жоқ.

Екінші бағыт бойынша

Персоналды басқару, оның ішінде тәртіптік практика және тәртіптік жазаларды алып тастау:

Штаттық кестеге сәйкес Кәсіпорында 121,00 ставка бекітілген, оның ішінде дәрігерлер - 15,25, орта медициналық персонал - 36,50, кіші медициналық персонал - 15,00, өзге де медициналық персонал - 11,50, әкімшілік-шаруашылық персонал -42,75.

Ішкі талдаумен қамтылған қызметкерлер атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Персоналды басқару және заң қызметі бөлімінің мамандары тұрақты негізде маман сертификаттарының болуына және клиникалық практикаға жіберілуіне мониторинг жүргізеді.

Медициналық персонал уақтылы маманды сертификаттаудан өтеді және клиникалық практикаға қол жеткізеді.

Көрсетілген сертификаттың болмауына байланысты еңбек қызметінен шеттету фактілері анықталмаған.

2025 жылғы 01 мамырдан бастап 2026 жылғы 25 мамырға дейінгі кезеңде теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталмаған. Талдау жүргізілген кезеңде Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тарту фактілері орын алмаған.

Мүдделер қақтығысының болуы, жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилиирлену фактілері анықталған жоқ.

Талдау жүргізілген кезеңде тәртіптік жауапкершілікке Кәсіпорынның жеті қызметкері тартылды.

Кәсіпорын қызметкерлерінің дербес деректерін сақтау тәртібін тексеру барысында жекелеген жеке істерде аталған мәліметтерге рұқсаты бар тұлғалардың дербес деректерді және қызметтік ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдағанын растайтын құжаттардың жоқ екендігі анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі: әлеуетті сыбайлас жемқорлық тәуекелі дербес деректер мен қызметтік ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, сондай-ақ ақпаратты жеке мүдделер үшін пайдалану мүмкіндігінен тұрады.

Ұсыным: персоналды басқару және заң қызметі бөліміне - дербес деректер мен қызметтік ақпаратты жария етпеу туралы жазбаша міндеттемелерді ресімдеу;

- қызметкерлердің жеке істеріне қол жеткізуін шектеу және регламенттеу;

- рұқсаты жоқ адамдар үшін жеке істердің қозғалысын есепке алу журналын енгізу.

Мемлекеттік сатып алу, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алу:

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес веб-портал арқылы бәсекелестік тәсілдермен жүргізіледі. Сатып алу тәсілін таңдау «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі және ол мемлекеттік сатып алу жоспарында көрсетіледі. Өткізілген және өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы барлық ақпарат мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық және қолжетімді болып табылады. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері сақталады, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету үшін көзделген мерзімдер «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес келеді. Әлеуетті өнім берушілер шеңберін шектеу көзделмеген, ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттары сақталады.

Мемлекеттік сатып алу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру барысында аффилиирлену фактілері, сондай-ақ бағаны негізсіз көтеру фактілері анықталған жоқ.

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК мемлекеттік сатып алу платформасында «Тапсырыс беруші» және «Өнім беруші» рөлінде тіркелген.

2025 жылғы 01 наурыздан 2026 жылғы 25 мамырға дейінгі кезеңде 552 сатып алу жүргізілді және 276 шарт жасалды, оның ішінде:

Ашық конкурс - 16 шарт,

Баға ұсыныстарын сұрату - 77 шарт,

Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілі - 103 шарт,

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі - 30 шарт,

Электрондық дүкен - 50 шарт.

Шарттардың орындалуын мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттарда жазылған мерзімдерге сәйкес жауапты тұлғалар қатаң бақылайды.

Жасалған шарттардың талаптары бұзылған жағдайда Кәсіпорын сот-шағым жұмыстары жүргізіледі.

Талдау жүргізілген кезеңде 5 өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілді.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алу «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді, сондай-ақ фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Талдау жүргізілген кезеңде 49 сатып алу жүргізілді және 28 шарт жасалды, оның ішінде:

Тендер - 10 шарт,

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі - 69 шарт.

Шарттардың орындалуын жауапты тұлғалар жасалған сатып алу шарттарында жазылған мерзімдерге сәйкес қатаң бақылайды.

Медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алуды жүзеге асыру кезінде аффилиирлену, сондай-ақ бағаны негізсіз көтеру фактілері анықталған жоқ. Сатып алу Қағидаларда көзделген қағидаттар сақталған жағдайда жүргізіледі.

Донорларға анықтамалар беру:

Кәсіпорынның негізгі қызметі қан мен оның компоненттерін дайындау болып табылады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 208-бабына сәйкес: «Қызметкер медициналық тексеруден өту және қан және (немесе) оның компоненттерін донациялау кезінде жұмыс күндері орташа жалақысы сақтала отырып жұмыстан босатылады. Қан және (немесе) оның компоненттерін өтеусіз тапсырған донорға орташа жалақысы сақтала отырып қосымша бір күн демалыс беріледі, ол жыл сайынғы еңбек демалысына қосылуы мүмкін. Осы кепілдіктер донация жасалған күннен бастап бір жыл ішінде қолданылады».

Аталған бап негізінде донорларға донация жасалғаннан кейін Кәсіпорын жұмыс берушіге көрсету үшін анықтама береді.

2025 жылғы 01 мамырдан бастап 2026 жылғы 25 мамырға дейінгі кезеңде 7856 донация өткізілді, донорларға 7856 анықтама берілді.

Донорға анықтаманы Кәсіпорынның бухгалтер-кассирі «InfoDonorPro» жүйесі арқылы қалыптастырады.

Донация жүргізбей анықтама беру фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды анықтау:

Жүргізілген талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі лауазымдардың ұшырағанын көрсетті:

1. Кәсіпорын директоры.

Лауазымдық өкілеттіктері: кәсіпорын қызметін басқаруды жүзеге асыру, басқару шешімдерін қабылдау, кәсіпорын мүлкін пайдалану.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мүдделер қақтығысы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану және теріс пайдалану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау.

2. Директордың медициналық бөлім бойынша орынбасары.

Лауазымдық өкілеттіктері: бағынышты қызметкерлердің қызметін басқаруды жүзеге асыру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мүдделер қақтығысы, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану тәуекелі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау.

3. Директордың экономикалық және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары.

Лауазымдық өкілеттіктері: өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметті басқаруды жүзеге асыру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мүдделер қақтығысы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану және теріс пайдалану тәуекелі.

4. Персоналды басқару және заң қызметі бөлімінің басшысы.

Лауазымдық өкілеттіктері: персоналды басқару және заң қызметі бөліміне басшылықты жүзеге асыру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: дербес деректер мен қызметтік ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, сондай-ақ ақпаратты жеке мүдделер үшін пайдалану.

5. Кадрлар бойынша инспектор.

Лауазымдық өкілеттіктері: Кәсіпорында кадр жұмысын жүзеге асыру, жеке құрам бойынша бұйрықтар дайындау, еңбек кітапшаларын есепке алу және сақтау, қызметкерлердің еңбек қызметі туралы анықтамалар беру, қызметкерлердің жеке істерін қалыптастыру, оларға еңбек қызметіне байланысты өзгерістер енгізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: дербес деректер мен қызметтік ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, сондай-ақ ақпаратты жеке мүдделер үшін пайдалану.

Жалпы ұсыныстар:

1. Персоналды басқару және заң қызметі бөлімінің басшысы дербес деректер мен қызметтік ақпаратты жария етпеу туралы жазбаша міндеттемелерді ресімдесін;

- қызметкерлердің жеке істеріне қол жеткізуін шектеу және регламенттеу;
- рұқсаты жоқ адамдар үшін жеке істердің қозғалысын есепке алу журналын енгізу.

2. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдар тізбесін әзірлесін.

«Облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК директоры **С.Таукелов**

Келісілді:

В.В. Дигтяр _____ **С.П.Тимофеев** _____

Т.П. Андрощук_____ **А.А. Глущенко** _____

К.А. Ошуркова _____

Аналитическая справка по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Областной центр крови» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области»

г. Петропавловск **«03» июня 2026 год**

На основании Указа Президента Республики Казахстан от 02 февраля 2022 года № 802 «Об утверждении Концепции антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022-2026 годы и внесении изменений в некоторые указы Президента Республики Казахстан, пункта 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года, в соответствии с Типовыми правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденных Приказам Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 19 октября 2016 года № 12, был проведен внутренний анализ коррупционных рисков в деятельности коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Областной центр крови» коммунального государственного учреждения «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области» (далее – Предприятие).

Основание – приказ директора предприятия от 16 апреля 2026 года № 235.

Период проведения внутреннего анализа коррупционных рисков – 01 мая 2025 года по 25 мая 2026 года.

Директор Предприятия – Таукелов Сабыржан Абдрахманович, назначен на занимаемую должность 10 января 2011 года.

Внутренний анализ коррупционных рисков проведен по следующим направлениям:

1. Выявление коррупционных рисков в действующих правовых актах, затрагивающих деятельность Предприятия.
2. Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Предприятия:

   - управление персоналом, в том числе дисциплинарная практика и снятие взысканий;
   - порядок хранения персональных данных работников;
   - государственные закупки, закуп медицинских изделий и медицинской техники в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи;
   - выдача справок донорам,
   - выявление должностей, подверженных коррупционным рискам.

Рабочей группой по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков изучены нормативно-правовые акты и правовые акты, которыми руководствуется Предприятие в своей деятельности.

На официальном сайте ock.sko.kz Предприятия размещены актуализированные Антикоррупционный стандарт поведения сотрудников, Порядок информирования работниками о фактах или возможных нарушениях антикоррупционного законодательства, Политика по выявлению и урегулированию конфликта интересов, Кодекс корпоративной этики и поведения, Инструкция по противодействию коррупции, Антикоррупционная политика Предприятия, которые предназначены для формирования устойчивого антикоррупционного поведения у лиц, работающих в обособленной сфере общественных отношений, достижения атмосферы нетерпимости к любым проявлениям коррупции, а также для своевременного выявления коррупционных проявлений и предотвращения их негативных последствий.

По первому направлению проведен анализ отраслевого законодательства: Предприятие является юридическим лицом в организационно–правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения и оказывает методической, консультативной и практической помощи организациям здравоохранения по вопросам службы крови.

Предприятие в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Кодексом Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» (далее - Кодекс о здоровье), Трудовым Кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О противодействии коррупции», «О государственном имуществе», «О государственных закупках», Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 7 июня 2023 года № 110 «Об утверждении правил организации и проведения закупа лекарственных средств, медицинских изделий и специализированных лечебных продуктов в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, дополнительного объема медицинской помощи для лиц, содержащихся в следственных изоляторах и учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, за счет бюджетных средств и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования, фармацевтических услуг», Уставом Предприятия, а также внутренними нормативными документами.

На постоянной основе юристом Предприятия проводится актуализация нормативно-правовых актов, которыми руководствуются в работе Предприятия и его структурные подразделения.

В целях своевременного и надлежащего применения в работе нормативно правовых актов, информация о вновь изданных, измененных и утративших силу актов доводится до сведения заинтересованного персонала Предприятия.

Анализ отраслевого законодательства показал, что нормы правоприменения не создают условия для совершения коррупционных деяний. Процесс выработки и принятия управленческих решений не затрагивают права и законные интересы граждан.

Таким образом, в нормативных правовых актах, затрагивающих основную деятельность Предприятия, дискреционные полномочия и нормы, способствующие совершению коррупционных правонарушений, создающие коррупционные риски и административные барьеры, правовых пробелов, создающих возможность произвольного толкования нормативных правовых актов не выявлены.

По второму направлению

Управление персоналом, в том числе дисциплинарная практика и снятие взысканий:

Согласно штатного расписания на Предприятии утверждено 121,00 ставка, из них 15,25 – врачи, 36,50 – средний медицинский персонал, 15,00 – младший медицинский персонал, 11,50 – прочий медицинский персонал, 42,75 – административно-хозяйственный персонал.

Охваченные внутренним анализом работники соответствуют квалификационным требованиям, предъявляемым занимаемой должности.

Специалистами отдела управления персоналом и юридической службы на постоянной основе проводится мониторинг наличия сертификатов специалиста и допуска к клинической практике.

Медицинский персонал своевременно проходит сертификацию специалиста и получает доступ к клинической практике.

Отстранения от трудовой деятельности в связи с отсутствием указанного сертификата не выявлено.

Уволенных по отрицательным мотивам за период с 01 мая 2025 года по 25 мая 2026 года нет.

Факты принятия на работу лиц, ранее совершивших коррупционные правонарушения, уголовные деяния не выявлены. За анализируемый период, отсутствуют факты привлечения работников предприятия за коррупционные правонарушения.

Факты наличия конфликта интересов, аффилированности при занятии вакантных должностей, находящихся в непосредственной подчинённости должности, занимаемой близкими родственниками не выявлены.

К дисциплинарной ответственности за анализируемый период привлечено семь работников Предприятия.

В ходе проверки порядка хранения персональных данных работников предприятия, установлено отсутствие в отдельных личных делах документов, подтверждающих принятие обязательств о неразглашении персональных данных и служебной информации, лицами, имеющими доступ к указанным сведениям.

Коррупционный риск: потенциальный коррупционный риск заключается в возможности передачи персональных данных и служебной

информации третьим лицам, а также использование информации в личных интересах.

Рекомендация: отделу управления персоналом и юридической службы

- оформить письменные обязательства о неразглашении персональных данных и служебной информации;
- ограничить и регламентировать доступ к личным делам работников;
- ввести журнал для учета движения личных дел для лиц, не имеющих доступ.

Государственные закупки, закуп медицинских изделий и медицинской техники в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи:

Государственные закупки проводятся в соответствии с утвержденным планом, через веб-портал, конкурентными способами. Выбор способа осуществления в соответствии с Законом РК «О государственных закупках», который отражается в плане государственных закупок. Вся информация о проведенных и проводимых государственных закупках доступна и открыта на веб-портале государственных закупок. Сроки проведения государственных закупок соблюдаются, сроки, предусмотренные для поставок товаров, выполнения работ и оказания услуг соответствуют требованиям Закона РК «О государственных закупках». Ограничение круга потенциальных поставщиков не усмотрены, принципы оптимального и эффективного расходования денежных средств соблюдаются.

При осуществлении государственных закупок товаров, работ и услуг фактов аффилированности, а также необоснованного завышения цен не установлено.

КГП на ПХВ «Областной центр крови» КГУ «УЗ акимата СКО» на платформе государственных закупок зарегистрирован в роли «Заказчика» и «Поставщика».

За период с 01 марта 2025 года по 25 мая 2026 года было проведено 552 закупки и заключено 276 договоров, из них:

Открытый конкурс – 16 договор,

Запрос ценовых предложений – 77 договоров,

Из одного источника по несостоявшимся закупкам – 103 договоров,

Из одного источника путем прямого заключения договора – 30 договоров,

Электронный магазин – 50 договора.

Исполнение договоров строго контролируется ответственными лицами согласно срокам, прописанным в заключенных договорах о государственных закупках.

В случае нарушения условий заключенных договоров, Предприятием проводится судебно-исковая работа.

За анализируемый период 5 поставщиков внесены в реестр недобросовестных участников государственных закупок.

Закуп медицинских изделий и медицинской техники в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи осуществляется

в соответствии с Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 7 июня 2023 года № 110 «Об утверждении правил организации и проведения закупа лекарственных средств, медицинских изделий и специализированных лечебных продуктов в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, дополнительного объема медицинской помощи для лиц, содержащихся в следственных изоляторах и учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, за счет бюджетных средств и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования, фармацевтических услуг».

За анализируемый период было проведено 49 закупок и заключено 28 договоров, из них:

Тендер – 10 договоров,

Запрос ценовых предложений – 69 договора.

Исполнение договоров строго контролируется ответственными лицами согласно срокам, прописанным в заключенных договорах закупа.

При осуществлении закупок медицинских изделий и медицинской техники фактов аффилированности, а также необоснованного завышения цен не установлено. Закуп производится при условиях соблюдения принципов, предусмотренных Правилами.

Выдача справок донорам:

Основной деятельностью Предприятия является заготовка крови и ее компонентов.

В соответствии со статьей 208 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения»: «Работник при медицинском обследовании и донации крови и (или) ее компонентов в рабочие дни освобождается от работы с сохранением средней заработной платы. Донору, осуществившему донацию крови и (или) ее компонентов на безвозмездной основе, предоставляется дополнительно один день отдыха с сохранением средней заработной платы, который может быть присоединен к ежегодному трудовому отпуску. Настоящие гарантии действительны в течение одного года с момента донации.».

На основании указанной статьи донорам после донации Предприятием выдаются справки для предъявления работодателю.

За период с 01 мая 2025 года по 25 мая 2026 года проведено 7856 донаций, выдано 7856 справок донорам.

Справка донору формируется бухгалтером-кассиром Предприятия через систему «InfoDonor Pro».

Выдачи справок без проведения донации не выявлено.

Выявление должностей, подверженных коррупционным рискам:

Проведенный анализ показал, что коррупционным рискам подвержены следующие должности:

1. Директор Предприятия.

Должностные полномочия: осуществление управления деятельностью предприятия, принятие управленческих решений, использование имущества предприятия.

Коррупционные риски: конфликт интересов, превышение и злоупотребление должностными полномочиями, несоблюдение антикоррупционных ограничений.

2. Заместитель директора по медицинской части.

Должностные полномочия: осуществление управления деятельностью подчиненных работников.

Коррупционные риски: конфликт интересов, риск злоупотребления служебными полномочиям, несоблюдение антикоррупционных ограничений.

3. Заместитель директора по экономическому и административно-хозяйственному обеспечению.

Должностные полномочия: осуществление управления производственной, финансово-хозяйственной деятельностью.

Коррупционные риски: конфликт интересов, риск превышения и злоупотребления должностными полномочиями.

4. Руководитель отдела управление персоналом и юридической службы.

Должностные полномочия: осуществление руководство отделом управления персоналом и юридической службы.

Коррупционные риски: передача персональных данных и служебной информации третьим лицам, а также использование информации в личных интересах.

5. Инспектор по кадрам.

Должностные полномочия: осуществление кадровой работы на Предприятии, подготовка приказов по личному составу, учет и хранение трудовых книжек, выдача справок о трудовой деятельности работников, формирование личных дел работников, внесение в них изменений связанных с трудовой деятельностью...

Коррупционные риски: передача персональных данных и служебной информации третьим лицам, а также использование информации в личных интересах.

Общие рекомендации:

1. Руководителю отдела управления персоналом и юридической службы оформить письменные обязательства о неразглашении персональных данных и служебной информации;

- ограничить и регламентировать доступ к личным делам работников;
- ввести журнал для учета движения личных дел для лиц, не имеющих доступ.

2. Комплаенс-офицеру подготовить план мероприятий по устранению коррупционных рисков и перечень должностей, подверженных коррупционным рискам.

Директор
КГП на ПХВ «Областной центр крови» **С.Таукелов**

Согласовано:

Дигтяр В.В._____ **Тимофеев С.П.**_____

Андрощук Т.П._____ **Глущенко А.А.**_____

Ошуркова К.А. _____